

**«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі мен студент арасындағы
келісім-шарт**

Түркістан қаласы

«.....».....2022 жыл

Келісім-шарт Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2007 жыл 12 желтоқсанда шыққан №621 бұйрығы негізінде құрастырылған.

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі атынан (мемлекеттік лицензиясы № 0038278, серия АБ 2006 жылғы берілген) директоры, м.ғ.к. Қ.О.Рысбеков, бұдан әрі «Колледж» деп аталады, екінші жағынан азамат (ша)

.....
(талапкердің аты-жөні)

немесе

(соның атынан жауап беруші жеке тұлғаның аты-жөні)

Бұдан әрі «тапсырыс беруші» деп аталатын, екінші жағынан, төменде көрсетілген келісім шарт жасасты.

1. Келісім шарттың мәні

1.1 Колледж оқушысының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкесмамандығы (оқудың күндізгі түрі) бойынша оқудың толық курсы бітіріп, мемлекеттік емтихандарды тапсырып, мемлекеттік үлгідегі орта кәсіптік білім туралы дипломды беруге міндетті.

1.2 Оқушы орта кәсіптік білім алу үшін осы келісім шартқа сәйкес білім беру саласына оқу ақысын төлеуді іс жүзінде асыруға міндетті.

2. Жақтардың құқықтары мен міндеттері

2.1 Колледждің міндеттері:

2.1.1. Қазақстан Республикасы орта кәсіптік оқу орнына қабылдаудың ережелеріне сәйкес азамат (-ша).....

.....
(оқушының аты-жөні)

қабылдау емтихандарын тест жүйесі бойынша тапсырып немесе ҰБТ-ға қатысып, өтпелі ұпай санын жинаған жағдайда, оқу ақысының 25% мөлшердегі алғашқы жарнасын төлеген жағдайда колледж оқушылары қатарына қабылдауға;

2.1.2. Осы шартты жасау кезінде колледждің Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясымен, ішкі тәртіп Ережелерімен, колледждің қабылдау тәртібімен және оқу тәрбиесінің үрдістерін ұйымдастыруды реттейтін құжаттармен таныстыруға;

2.1.3. Колледж кітапхана қорының ақпараттық қорларына, оқулықтарға, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарға еркін қол жеткізуді және оларды пайдалануды қамтамасыз етуге;

2.1.4. Колледж оқу жоспарына сәйкес оқушының кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастыруға;

2.1.5. Оқушының өтініші бойынша білім саласындағы уәкілетті орын бекіткен тәртіпке қайта қабылдауға;

2.1.6. Оқушының өтініші негізінде бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе оқу нысанынан екіншісіне, сондай-ақ басқа білім беру ұйымына білім беру саласындағы уәкілетті орын бекіткен тәртіппен ауыстыруға;

2.1.7. Шартты бұзған кезде оқушы барлық оқу мерзіміне алдын ала ақы төлеген жағдайда, төленген ақшасын ағымдағы оқу кезеңіндегі шығындарды алып тастау арқылы, оған бұйрық шыққан сәттен бастап қайтарып беруге;

2.1.8. Оқушыны оның келісімінсіз және оқу үрдісіне зиян тигізетін қоғамдық және басқа да тапсырмаларды орындатуға жол бермеу;

2.1.9. Оқушыға колледждің ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларына ерікті түрде қатысуға мүмкіндік беру.

2.2. Колледждің құқықтары:

2.2.1. Осы келісім шартқа сәйкес оқушыға жүктелген міндетті ұқыптылықпен орындауын талап етуге;

2.2.2. Колледж Жарғысында, ішкі тәртіп Ережелерінде және осы келісім-шартта көрсетілген міндеттерді бұзғаны үшін оқушыға тәртіп шараларын қолдауға.

2.3. Оқушының міндеттері:

2.3.1. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының толық көлемінде оқу, білімділік және тәжірибелік дағдысын игеруге, оқу бағдарламасын колледждегі оқу жоспары мен кестесіне сәйкес орындауға;

2.3.2. Ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, колледж Жарғысында көрсетілген басқа да талаптарды орындауға;

2.3.3. Оқу ақысын уақтылы төлеуге;

2.3.4. Колледждің оқу-құрал жабдықтары мен ақпараттық ресурстарына ұқыптылықпен қарауға;

2.3.5. Колледж оқытушылары мен қызметкерлері және оқушыларына сыйластықпен әдепті қарым-қатынас жасауға;

2.3.6. Сабақтарға қатыспаған жағдайда (науқастануына немесе басқа да дәлелді себептермен), колледжге ресми түрде ақтап алатын құжаттарды көрсетуге.

2.4. Оқушының құқықтары:

2.4.1. Колледж Жарғысында қарастырылған тәртіппен кітапхана базасы мен оқу залындағы оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдебиеттер қорына, ИНТЕРНЕТ жүйесіне еркін кіруге және пайдалануға;

2.4.2. Өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

2.4.3. Өзінің адамдық қадір-қасиеттерін құрметтеуге;

2.4.4. Өзге оқу орнына ауысуға;

2.4.5. Өзінің ғылыми, спорттық, шығармашылық қабілетін жүзеге асыруға.

3. Ақы төлеу тәртібі

3.1. Тиісті мемлекеттік стандарт шеңберінде көрсетілетін білім беру қызметі үшін төлем жасау теңгемен бекітіледі. Төлем ақы соммасын бекіту мен есеп-қисап жүргүзуде ҚР «Білім туралы» Заңын басшылыққа алады. ҚР мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттық білім жүйесі мен жоғары тұрған ұйымдардың бұйрықтары және «Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжінің Жарғысына сүйенеді. Қызметкерлердің еңбек көлемі мен коммуналдық қызмет бағаларының өсуі есепке алынады.

Төлем ақы 2022-2023 оқу жылында _____ I _____ курс үшін _____ 250.000 _____ тенгені құрайды.

Төлем ақы төмендегі кестеге сай төленуі тиіс:

1. Қабылдау емтихандарына дейін -10%
2. Әр айдың 20-на дейін 10 % -тен төлеп отыруы тиіс. Яғни :
 - a) Қыркүйек -10 % , 23000 KZT
 - b) Қазан--10 % , 23000 KZT
 - c) Қараша-10 % , 23000 KZT
 - d) Желтоқсан-10 % , 23000 KZT
 - e) Қаңтар -10 % , 23000 KZT
 - f) Ақпан-10 % , 23000 KZT
 - g) Наурыз-10 % , 23000 KZT
 - h) Сәуір -10 % , 23000 KZT
 - i) Мамыр-10 % , 23000 KZT

Оқу үшін төленетін ақы мөлшері базалық болып есептеледі және жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес (жалақы, зейнетақы көтеру, т.б) және инфляциялық жағдайларға сәйкес өзгеріп отыруы мүмкін. Оқу ақысының сомасы өзгерген жағдайда осы шартқа толықтыру жасалады. Бұл өзгеріс жайлы мәлімет оқушыға немесе тапсырыс берушіге жаңа оқу жылының 1-қазанына дейін хабардар етілуі керек.

3.2. Төлем жасау түрі: білім беру ұйымының есепшотына банк арқылы тиісті төлемдерді аудару немесе нақты ақша күйінде кассаға төлеуге болады.

3.3. Басқа оқу орнынан ауысу арқылы түскен білім алушылар сабаққа жіберу туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығы шыққаннан кейін оқуға төлем жасайды.

3.4. Оқуға ақы төлеу жөніндегі шарттық білім алушыны оқудан шығару туралы бұйрық шыққан күнге дейін сақталады. Яғни білім алушы оқудан шығатын немесе оқу орнын ауыстыратын болса, білім алушыны оқудан шығару немесе оқу орнын ауыстыру туралы бұйрық шыққан күнге дейін төлем жасауға міндеттеледі.

4. Тараптардың жауапкершіліктері

4.1. Оқу ақысын төлемеген жағдайда оқушы тиісті сессияға жіберілмейді. Оқығаны үшін жинақталған қарызы Қазақстан Республикасының заңнамаларына белгіленген тәртіппен өндіріліп алынады.

4.2. Осы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны үшін тараптар ҚР заңнамаларында белгіленген жауапкершіліктерді мойнына алады.

5. Дауларды шешу тәртібі

5.1. Осы келісім шартқа байланысты туындаған барлық даулар екі жақтың келісімі негізінде келісімге келе алмаған жағдайда ҚР –ның тиісті Заңнамаларына сәйкес шешіледі.

6. Келісім шартты бұзу жағдайлары

6.1. Келісім шарт мынадай жағдайларда бұзылады:

- 1) Оқушы үлгерімі үшін колледж әкімшілігінің ұсынысы бойынша оқудан шығарылған жағдайда және колледж жарғысында ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген талаптар мен ережелерді бұзған жағдайларда;
- 2) Оқушының оқудан шығу туралы жазылған өтініші бойынша, денсаулығына байланысты ДҚК-ның анықтамасы негізінде өзге оқу орнына ауысуына, колледжге қатысты емес басқа да жағдайларда.

7. Келісім шарт мерзімі

7.1. Осы келісім шарт жақтардың қол қою кезінен бастап күшіне еніп, студенттің оқуын аяқтап, дипломды алғанға дейін күшінде болады.

8. Келісім шарттың шарттарын өзгерту және келісім шартқа толықтырулар қабылдау туралы

8.1. Осы келісім шарт жақтардың келісімдері негізінде өзгертіледі және толықтырылады, келісім шартқа енгізілген кез-келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оған қол қоюға өкілеттілігі бар тұлғалар қол қойған кезде ғана жарамды болады.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы келісім шарттың мәтіні бірдей құқықтық күшке ие болатын қазақ және орыс тілінде, саны..... данада жасалады.

9.2. Егер азамат(-ша).....

(оқушының аты-жөні)

Кәмелет жасқа толмаған болса, тек ата-анасының немесе олардың орнындағы тұлғалардың келісімімен қол қоюға құқылы.

10. Жақтардың заңды мекен-жайлары және банктік реквизиттері:

«Түркістан» көпсалалы жоғары медицина колледжі

Түркістан қаласы 161200

Абылай хан көшесі-108

Сымтетік: 8725 (33) 5-28-09

Есеп шот нөмірі KZ74826XOKZTO2002702

БИК: ALMKNKZKA

СТН: 582000213373

АТФ Банк

Директор.....М.О

Талапкердің аты-жөні

.....

.....

Жеке куәлік

Берілген күні

Мекен-жайы

Сымтетік

Қолы